

«Алматы облыстық білім, ғылым және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ ақпараттық жұмыстың сапасын арттыру және еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясының жұмысын жандандыру шаралары туралы

Кәсіподақ қызметінде маңызды бағыттың бірі – **бұқаралық ақпарат құралдарымен** байланыс орнату болып табылды. Облыстық ұйым төртінші билік өкілдерімен қоян-қолтық жұмыс жүргізіп, кәсіподақ қызметін көпшілікке көрсетуге мүмкіндік алды.

Желілік кестеде көрсетілген ауқымды шаралардың мақаласын тұрақты түрде республикалық, облыстық газеттерге, жергілікті басылымдарға, сайттарға, фейсбук, инстаграм әлеуметтік желілеріне және өзге де ақпарат беттеріне жариялады. Қоғамдық бірлестік ақпараттық жұмысты жандандырып, **2021 жылы – 493 материалды** жарыққа шығарды. *(Кесте қосымша берілген).*

Оның ішінде:

- *Салалық кәсіподақ ұйымының ресми сайтында – 59,*
- *ҚРКФ сайтында – 42,*
- *«Қазақстан кәсіподағы» газетінде – 22,*
- *«Білім шапағаты» республикалық газетінде – 5,*
- *«Білімді Ел – Образованная страна» газетінде – 17,*
- *«Жетісу», «Огни Алатау», «Алатау» обл.газеттерінде – 19,*
- *Аудандық, қалалық газеттерде – 13,*
- *Өзге басылым беттеріне – 7,*
- *«Фейсбук» әлеуметтік желісінде – 242;*
- *Өзге ақпараттық сайттарда – 54 мақала жарияланса;*
- *«Жетісу» және «Хабар» телеарнасында – 13 сюжет көрсетілді.*

2015 жылдан бері Салалық кәсіподақтың сайты құрылып, мүшелік ұйымдарының қызметі туралы материалдар тұрақты түрде жарияланып тұрады. Орталық комитеттің ресми сайтына 2021 жылы облыстық ұйым – **38**, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті – **9**, Кербұлақ ауданы – **4**, Көксу ауданы мен Текелі қаласы – **2**, Ескелді, Қаратал, Панфилов аудандары – **1**, **жалпы саны – 59** мақала жолдады. Жарияланған ақпараттардың мазмұны мен фотосуреті салалық кәсіподақтың баспасөз хатшысымен келісілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының сайтына **42** материал тұрақты орналастырылды.

Сайтқа орналастыру үшін жіберілген материалдардың көбі қысқа, шараның форматы анық, ақпараты болған оқиғаға негізделген. Көтерілген мәселелер және оларды шешу жолдарынақты көрініс тапқан.

Кәсіподақтың ақпараттық жұмысында орталық және жергілікті басылымдар (газет-журналдар) және теледидар қолданылады. Салалық кәсіподақтың қызметі туралы мақалалар саны жыл сайын көбейіп отырады.

2021 жылы республикалық, облыстық, жергілікті баспа құралдарында **83** мақала жарық көрді. Бұл ретте, басылымдардың әлеуетін ұтымды пайдаланған облыстық ұйым (**55**), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (**8**), **Кербұлақ (5)** филиалдарын атап өтуге болады.

Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдары республикалық «**Қазақстан кәсіподағы**» газетіне жазылу кампаниясына үлкен мән береді. Салалық кәсіподақ жазылым бойынша ҚР Кәсіподақтар федерациясының жүйесіндегі талассыз лидер болып табылады. 2022 жылға жергілікті облыстық кәсіподақтың ұйымдастыруымен **362** данаға жазылды. Кәсіподақ ұйымдарының қызметі «Қазақстан кәсіподағы» газетінде тұрақты негізде жарияланып тұрады. Республикалық басылым беттерінде **2021 жылы** мүшелік ұйымдары қызметінің түрлі бағыттары бойынша **22** мақала жарияланды.

Кәсіподақтың ақпараттық серіктесі болып табылатын «**Білімді ел – Образованная страна**» республикалық қоғамдық-саяси газетіне жазылу бойынша жұмыс жүргізіліп, **2022 жылға 313** данаға жазылу ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта аталмыш газет беттерінде, ресми сайтында кәсіподақ жұмысы туралы мақалалар жариялануда. Осы ретте, Алматы облыстық кәсіподақ ұйымының жұмысы туралы басылымның 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №34 (288) санында көлемді «**Жаңару мен жаңғыру жолында**» атты тақырыпта мақала жарық көрді. Бұдан өзге сала қызметкерлерін ынталандыру, еңбек ұжымдарымен кездесулердің ақпараттары жолданды. Өткен жылы білім саласы қызметкерлерінің мәртебесін арттыру және еңбек адамының мүддесін қорғауда газетте – **17**, ресми сайтта – **20** материал жарық көрді.

Бұдан өзге «Егемен Қазақстан» республикалық газеті мен сайтына, облыстық «Жетісу» - **9**, «Огни Алатау» - **10**, «Алатау» - **4**, «Білім шапағаты» - **5**, «Жетісу университеті» - **3** газеттеріне кәсіподақ жұмысы туралы мақалалар жарияланған.

Кәсіподақ жұмысын насихаттауда жекеменшік басылымдарды тарту жұмыстары жүргізілді. Көзделген бағытта «Атамекен-ай» еларалық журналымен келісім жасалды. Аталған басылымның қазан айындағы санында облыстық ұйым және аудандық, қалалық филиалдардың төрағаларының өмірбаяны мен атқарған жұмысы толық көрсетілді. Басылымның 450 данасы алынып, барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарына таратылды.

Облыстық деңгейде өткізілген шаралар «Жетісу», «Хабар» телеарналарда көрсетілген. 2021 жылы – **13** сюжет жасалып, көпшіліктің назарына ұсынылған.

Елімізде ақпараттық қоғам құру үрдісі қарқынды жүріп жатқандықтан кәсіподақ саласында қызмет етіп жүрген азаматтар арасында әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың қатары көбейіп келеді.

Қазір уақытта **«Фейсбук» әлеуметтік желісіне** облыстық ұйымның аппарат қызметкерлері, аудандық, қалалық филиалдарындағы төрағалар мен мамандары барлығы **20** адамның, **10** аудандық, қалалық филиалдардың атынан парақша ашылды. Облыстық кәсіподақ ұйымының атынан ашылған парақшада достық саны **3 444** адамды құрады. Яғни, салынған ақпаратты бір мезетте осыншама адам оқуына мүмкіндік туып отыр.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары және білім ордаларының атынан ашылған парақшалар да жұмыс барысында қолданылып келеді. Бұл ретте, **Панфилов, Қаратал, Кербұлақ аудандары мен Текелі қалалық филиалдардың** белсенділігі жоғары.

Бұдан өзге инстаграм әлеуметтік желісін қолданушылардың деңгейі артты. Жұмыс барысынан бөлек «Кәсіподақ түсіндіреді» деген айдармен сала қызметкерлеріне құқықтық кеңестер берілді.

Жалпы қызметкерлердің жариялайтын постына қойылатын талап – кәсіподақтың ұйымдастыруымен өткен шара болуы, ақпаратты барынша қамтуы тиіс. Жарияланған посттар мен мақалаларға облыстық ұйымның баспасөз хатшысы жауапты.

Кәсіподақ белсенділері қоғамдық пікір көшбасшылары ретінде жергілікті ақпарат топтарының белсенді мүшесі болуы шарт. Осыған орай, төрағаларға Мемлекет басшысының Жолдау мен үндеуіне қатысты пікір жазып, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы тапсырма берілген болатын. Мемлекет басшысының бастамаларын насихаттау, қолдау мақсатында **Панфилов, Сарқан, Қаратал** аудандық филиалдары жергілікті газет беттерінде, фейсбук әлеуметтік желісінде пікірлерін жариялады.

Сонымен қатар, Елбасы Жолдауын насихаттауда **Кербұлақ пен Көксу** ауданындағы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары фейсбук желісінде белсенділік танытқандығын айта кеткен жөн. Ал, облыстық ұйымға қарасты бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалар «Білімді ел», «Білім шапағаты», «Алатау» газеттеріне пікір білдірді.

Өтілген шаралар және жарияланған мақалалардың барлығы іс номенклатурасына сәйкес жылдық және тоқсандық жоспар, желілік кесте және оның орындалуы бойынша құжаттар, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс сынды папкаларға құжаттар толықтай жинақталған.

Әйелдер істері жөніндегі Комиссиясы:

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының 2020 жылдың 25 қарашасындағы Атқару комитетінің №8,6 қаулысына сәйкес Алматы облыстық білім, ғылым және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің кәсіподағы Әйелдер істері жөніндегі Комиссиясы **2020 жылғы 24 желтоқсанда** құрылды. Комиссия құрамы аудандық, қалалық филиалдар мен облыстық ұйымның аппараты қызметкерінен жасақталды. Әйелдердің

алғашқы бас қосуында жылдық жұмыс жоспары мен құрамы бекітілді. Он бір кәсіподақ мүшесінен құрылған комиссияның төрайымы ретінде Кербұлақ ауданы, Күреңбел орта мектебінің мұғалімі **Әсем Ильясова** сайланды. Алқалы жиында облыстық ұйымның төрағасы қатысып, комиссияның мақсаты мен міндетін айқындап берді.

Алматы облыстық кәсіподақ ұйымының құрамында **28 397** мүшесі болса, оның **21 161-і** әйелдер. Бұл кәсіподақ мүшелерінің **74,5 пайызын** құрайды.

Әйелдер істері жөніндегі Комиссияның алғашқы шарасы ретінде «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясын ұйымдастырды.

Белсенді мүшелерін біріктіріп, нәзік жандардың қоғамдағы рөлі мен құқықтары жайында кеңінен талқылады. Отбасындағы кездесетін кедергілерді нақтылау, оларды алдын алу мәселесін көтерді. Жиынға 28 білім саласының қызметкері қатысты.

Білім саласында жұмыс істейтін әйелдер мен олардың балаларының құқығын қорғау үшін облыстық кәсіподақ ұйымы мен облыстық ата-аналар комитеті өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Үш жылды қамтыған маңызды құжатта көрсетілген бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер бірге жұмыс істеп, қос тарап туындаған мәселелерді бірлесіп шешуге уағдаласып, ортақ жұмыс жоспарын құрды. Қоғамдық ұйымдар балалардың сапалы білім алуына және жақсы тәрбиеленуіне мүмкіндіктер жасап, отбасының тыныштығын сақтауға ықпал етуге келісті.

20 ақпан – Дүниежүзілік әлеуметтік әділеттілік күні де назардан тыс қалмады. Атаулы күн 2009 жылдан бері БҰҰ Бас Ассамблеясының бастамасымен аталып келеді. Кербұлақ ауданында ұйымдастырылған шараға филиал төрағасы Жақан Дуанаев, аудандық жұмыспен қамту орталығының жоғарғы деңгейдегі біліктілік маманы Айнұр Мамырова және Сарыөзек ауылының тұрғындары қатысты. Қоғамдық қабылдау туралы әлеуметтік желілер арқылы аудан орталығының жұртшылығы хабардар етілді. Білім беру мекемелерінде бос жұмыс орындарын аудандық кәсіподақ филиалы мен жұмыспен қамту орталығы алдын-ала анықтады. Нәтижесінде қоғамдық қабылдауға келген Салтанат Койчубекова «Айсана» балабақшасына тәрбиеші болып орналасты. Ал, Айдана Жетпісбай мен Інжу Алмас аудандық жұмыспен қамту орталығының 2017-2021 жылдарға арналған бағыты бойынша ақылы қоғамдық жұмыспен қамтамасыз етілді.

Әйелдер істері жөніндегі Комиссия Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында «Ақылшы ене, ибалы келін» атты байқауын жария етті. Отбасының ұйытқысы саналатын ене мен келіннің сыйластығын нығайту мақсатында өткізілген шараға **11** жанұя қатысуға ұсыныс білдірді. Жасаған бейнероликтері әділқазы алқаларының қарауына ұсынды. Қорытындысында І орынға Ү.Таңатарқызы мен С.Көбенбаева (*Панфилов ауданы*) ие болды. II орын Ш.Рахметбай мен А.Дорводханға (*Текелі қаласы*) берілсе, III орынды А.Байменова мен Г.Жұмәділдә (*Көксу ауданы*) және З.Найтбаева мен

А.Найзагерова (*Талдықорған қаласы*) өзара бөлісті. Жеңімпаздарға облыстық ұйымның дипломдары мен бағалы сыйлықтары табыс етілді.

Халықаралық еңбек ұйымының «Еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен қысымшылықты жою туралы» №190 конвенциясы ағымдағы жылдың 25 маусымда күшіне енді. Осыған орай, Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы «**Іс-қимыл апталығы**» шарасын жариялады. Шара аясында облыста кәсіподақ мүшелерімен кездесу өтіп, жұмыскерлердің құқығын қорғау, әділетсіздікті жоюға бағытталғанын іс-әрекеттер жайында сөз болды. Заңгерлер мен қоғам белсенділері пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісті.

Отбасы күні – Елбасының Жарлығымен бекітілген еліміздегі мерейлі мерекенің бірі. Оны атап өту дәстүрге айналды. Аталған мереке барысында «Бақытты жанұя» тренингі өткізілді. Ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту, ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған шараға білім ордасында жұмыс істейтін көпбалалы 8 отбасы қатысты.

Тренингті Күреңбел қазақ орта мектебінің психологі Маржан Джексембаева жүргізіп, «Өз балаларының салған суреттерін тап», «Таңдау жасап, денені қимылдат», «Мәтінмен жұмыс» сынды бірнеше ойындарды ұйымдастырып, отбасы мүшелеріне психологиялық мінездеме жасалды. Тренингке қатысушыларға кәсіподақ тарапынан ынталандыру сыйлығын табыс етті.

Бұдан бөлек, құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен «**Ата-аналардың құқықтық сауаттылығы**» атты кездесу өткізіліп, әйелдер істері жөніндегі Комиссиясы бір жылда атқарған жұмысын қорытындылады. Әйелдер істері жөніндегі комиссиясының жұмысы салалық кәсіподақтың және облыстық кәсіподақтар орталығының әйелдер істері жөніндегі Комиссиясының жиындарында қаралды. Аз уақыттың ішінде белсенді жұмыс істеген Комиссияға жоғарғы органдар оң баға берді.

2022 жылға арналған жоспарын жаңалап, жұмысын жаңа бағытқа бұрды. Облыстық ұйымның құрамына қосылған филиалдар мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың тізімі жасалып, «Балалар жылында» бүлдіршіндерге көмек беруді қолға алды. Сонымен қатар, ҚР Кәсіподақтар федерациясының «Әлеуметтік әріптестік» жылы деп жариялауына орай білім саласында жұмыс істейтін кіші қызметкерлердің құқығын қорғау және оларға барынша жағдай жасауды көздеді. Бұл бастамалар әйелдер істері жөніндегі Комиссиясы мүшелерінің бақылауында болады.

Төраға

Төлепбергенов М.Қ.